



№3 (260)
НАУРЫЗ
МАРТ
2026 ЖЫЛ

АБАЙ UNIVERSITY

АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ



2022 жылдың
тамыз айынан бастап
шығады

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН ТОЙЛАДЫ

Абай университеті Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін ұлттық рухты жаңғыртқан, мазмұны бай әрі тағылымы терең дайындықпен, өте жоғары деңгейде атап өтті. Мұхтар Әуезов атындағы университет стадионында киіз үйлер тігіліп, ән-күй мен жырға көмкеріліп, түрлі ұлттық спорт сайыстары, де-филе мен жәрмеңке, көрме мен ойындар болып, ұлық мейрамға мыңдаған адам қатысты.

Наурыз – жақсылықтың жаршысы, жаратылыстың шынайы жыл басы. Қазақстанда оны тек қазақтар ғана емес, еліміздің барлық этнос өкілдері атап өтеді. Өйткені бұл – күн мен түн ғана емес, хан мен қараның теңесетін, достық пен бірліктің мерекесі.

Наурыз елімізде бүкілхалықтық мереке ретінде алғаш рет осыдан тура 40 жыл бұрын қайтадан жаңғыртылып тойлана бастады. Тарихтан белгілі, 1926 жылдан бастап, кеңестер «ескінің қалдығы» деген сылтаумен Қазақстанда Наурыз мерекесін кең ауқымда тойлауға тыйым салған болатын. Ресми тұжырымдамасы сақталмағанымен, кеңестік билік Наурызды «дін-мұсылман мерекесі» деп айыптады. Біздің пайымдауымызша, қазақ ұлтын жойып, толық отарлауды мақсат тұтқан тоталитарлық режим «Ұлыстың ұлы күні» деген атауынан-ақ бұл мейрамның ұлтымыздың негізгі ұстындарының бірі болып табылатынын пайымдаса керек. Өйткені, ол қазіргі кез келген әлемдік және



дәстүрлі діндерден көп бұрын пайдаланған бікілхалықтық мейрам болатын.

Ғалымдардың зерттеуінше, Наурыздың шамамен 5 мың жылдық тарихы бар. Сондықтан жетпіс жылдай үстемдік еткен кеңес өкіметі де оны мәңгілікке жоя алмады.

Содан, 1988 жылы Ұлыстың ұлы күні құрметіне арналған мереке жұртшылықтың бастамасымен Алматы қаласында тойланды. Ал келесі жылы мереке ұлт жанашырларының қолдауымен Қазақстанның барлық облыстарында атап өтілді.

Архивке жүгінсек, 1991 жылғы 15 наурызда Қазақ КСР-інің Президенті өз Жарлығымен «22 наурыз – халықтық мереке «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Жарлықта «Халық депутаттарының жергілікті советтеріне климаттық жағдайларды ескере отырып, халықтық мереке – Наурыз мейрамын өткізу күнін өз бетімен белгілеу ұсынылды.

Қазақстан Президентінің Жарлығы шыққан соң, Наурыз мерекесі бүкіл республика көлемінде тұрақты түрде атап өтілетін ұлы мерекеге айналды. Осылайша, тәуел-

сіз мемлекет болғаннан кейінгі қазақ елінің ең алғашқы қадамының бірі діліміз бен тілімізді, дәстүріміз бен тарихымызды түгендеудің қарлығашы – Наурыз мерекесін тұғырына қондыру еді.

Қазір Қазақстанда Наурыз мейрамы республикалық деңгейде аталып өтеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген тұжырымдама бойынша Ұлыстың ұлы күні 14 наурыздан басталады.

(Жалғасы 4-5-беттерде)

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ - ӘЛЕМДІК ЭЛИТАДА:

ПЕДАГОГТАР ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ӘЛЕМНІҢ ТОП-50 ҚАТАРЫНА ЕНДІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті педагогикалық білім беру саласындағы әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретіндегі мәртебесін тағы да растады. Университет «QS World University Rankings by Subject 2026» рейтингінде «Білім беру және оқыту» (Education & Training) бағытында әлем бойынша 41-орынды иеленіп, ТОП-50 қатарына енді.

ҚазҰПУ осы бағыт бойынша ТОП-50-ге енген Қазақстандағы жалғыз университет және Орталық Азиядағы көшбасшы атанды. Бұл нәтиже университеттің заманауи педагогиканы дамытудағы және жанабуынның халықаралық деңгейдегі мамандарын даярлаудағы стратегиялық рөлін дәлелдейді.

QS аймақтық директоры Сергей Христюлов жана пәндік рейтингтерде Орталық Азияның жоғары білім беру жүйесі үшін тарихи жетістікке қол жеткізілгенін атап



өтті. Оның ішінде, Абай университеті Азия бойынша үздік ондық қатарына еніп, Орталық Азия бойынша көш бастады. Бұл нәтиже – QS пәндік рейтингтеріне қатысу тарихындағы өңір үшін ең жоғары көрсеткіш.

Жетістіктің негізгі факторы – жоғары халықаралық академиялық бедел: бұл көрсеткіш бойынша университет әлемде 9-орынды иеленді. Соңғы бес жылда университет 410

академиялық номинацияға ие болды, олардың 67%-ы АҚШ, Еуропа, Ұлыбритания, Канада және ТМД елдерінің жетекші университеттерімен серіктестікке байланысты.

Еңбек нарығы тарапынан да жоғары баға берілді: «Жұмыс беруші беделі» көрсеткіші бойынша әлемде 43-орын ҚазҰПУ түлектерінің халықаралық деңгейде сұранысқа ие екенін көрсетеді.

QS by Subject 2026 рейтингінде

университет басқа бағыттар бойынша да ұсынылған:

- «Өнер және гуманитарлық ғылымдар»: #360 орын
- «Қазіргі тілдер»: #201–250
- «Лингвистика»: #301–350 (2019 жылдан бері тұрақты өсім)
- «Өнер және дизайн»: #201–300

Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми зерттеулерді дамыту, халықаралық серіктестіктерді кеңейту және негізгі көрсеткіштерді: дәйексөз алу, академиялық бедел, халықаралық зерттеу желісі және Хирш индексі арқылы өз позицияларын нығайтуды жалғастыруда.

Абай атындағы ҚазҰПУ – жай ғана оқу орны емес. Бұл – жаһандық академиялық кеңістікке интеграцияланған ұлттық педагогикалық білім беру көшбасшысы.

QS World University Rankings пәндік рейтингінің соңғы шығарылымының нәтижелерімен келесі сілтеме арқылы танысуға болады: <https://www.topuniversities.com/>

«Abai University»
медиа орталығы



ФИЛОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМДАРЫН
ДАМУ ТУРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ **2-бет**



ПОЛЬША
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ДИПЛОМДАРЫН ИЕЛЕНДІ **3-бет**



ЖАЗУШЫМЕН
СЫРЛЫ СҰХБАТ **6-бет**



ТҮЛЕКТЕР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУДЕ

Қазіргі уақытта университеттің педагогикалық бағыттағы 4-курс білім алушылары өндірістік іс-тәжірибеден өтіп жатыр.

Студенттер Алматы қаласы бойынша білім беру ошақтарында тәжірибе жинап, болашақ педагог ретінде біліктілігін арттыруда. Солардың бірі Нұрай Ысқақ №178 мамандандырылған мектеп-лицейде ашық сабақ өткізіп, өзінің кәсіби дайындық деңгейін көрсетті. Ашық сабаққа университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп арнайы қатысып, болашақ педагогтің жұмысымен танысты.

Болашақ мұғалімдердің білікті маман болып қалыптасуындағы маңызды кезеңдердің бірі – мектеп қабырғасындағы өндірістік тәжірибе. Бұл кезең студенттің теориялық білімін бекітіп қана қоймай, оның педагогикалық шеберлігін, сыныппен жұмыс істеу қабілетін және оқушылармен тиімді коммуникация орнату дағдыларын жетілдіреді.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

АКАДЕМИК МӘМБЕТ ҚОЙГЕЛДИЕВ
II ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІН КЕУДЕСІНЕ ТАҚТЫ

Мемлекет басшысының жарлығымен тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Мәмбет Қойгелдиев II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Мемлекеттік награданы Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды табыстап, ел Президентінің құттықтауын жеткізді.

5 наурыз – ұлт тарихындағы айтулы тұлғалардың туған күні. Оның ішінде ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның 160 жылдық мерейтойымен белгілі ғалым, алаштанушы академик Мәмбет Құлжабайұлының 80 жас мерейтойы тұспа-тұс келіп отыр. Осыған орай ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін II дәрежелі «Барыс» орденімен наградтау туралы жарлыққа қол қойып, құттықтау хат жолдады.

«Халқымыз өзіңізді ұлағатты ұстаз, тарихшы ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, ұлтжанды азамат ретінде жақсы біледі және құрметтейді. Сіз жарты ғасырдан астам уақыт бойы отандық ғылымның өркен жаюына күш-қайратыңызды жұмсап келесіз. Еліміздің беделді оқу орындарында қажырлы еңбек етіп, бірнеше толқын дарынды шәкірттерді тәрбиелеп



шығардыңыз» деп жазылған Мемлекет басшысының құттықтауында.

Әкімдіктегі құттықтаудан кейін академик ғалымды Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп қабылдап, мемлекеттік марапатымен құттықтады, ізгі тілегін білдірді.

Айта кетейік, Мәмбет Құлжабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығының жетек-

шісі. Қазіргі таңда, орталық бастамасымен тарихи деректер мен архивтік мәліметтер негізінде Қазақстан тарихының XIX-XX ғасырлар кезеңі зерттеліп, бірнеше монография жарық көрді. Академиктің жас ғалымдар буынын тәрбиелеп, деректі тарихи зерттеу жұмыстарымен табысты айналысудағы еңбегі өлшеусіз.

«Abai University»
media орталығы

БАНУ НАРБЕКОВА «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН»
МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Ақордада ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған салтанатты іс-шарада еліміздің мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі, сондай-ақ әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны үшін бір топ қыз-келіншекті мемлекеттік наградалармен марапаттады. Олардың арасында Абай университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры – Бану Мұқатайқызы Нарбекова да бар.

Жанға шуақ сыйлайтын Көктем мезгілінің ең бір ерекше мерекесі – Халықаралық әйелдер күніне байланысты Ақордада өткен салтанатты іс-шара барысында Мемлекет басшысы барша Қазақстан аруларын



құттықтап, жүрекжарды лебізін ақжарма тілекпен бастады.

– Ең алдымен, көктемнің шырайлы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бұл мейрам – мейірім мен жылулықтың, даналық пен сұлулықтың нышаны. Әйел – тіршіліктің тірегі, берекенің бастауы. Бұл – ақиқат. «Бесікті де, әлемді де тербеткен» әйелдің жүрегі – ізгіліктің мекені. Сондықтан әйелдің қадірі – елдің

қадірі деп айтсақ артық болмайды. Бүгін мен Ақорда төрінде Сіздерге және барша Қазақстан әйелдеріне зор ризашылығымды және алғысымды айтамын. Әділетті Қазақстанды өздеріңіз сияқты жауапкершілігі мол, жасампаз, көзі ашық, тиянақты, еңбекке адал азаматтар құрып жатыр. Мен мұны үлкен ризашылықпен атап өткім келеді. Бәріңізді зор құрметке лайық деп санаймын. Сондықтан бүгін мен Сіздерді жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым, – деген Мемлекет басшысы еңбектері айрықша аруларға мемлекеттік марапаттар тапсырды.

Бану Мұқатайқызына Президент Жарлығымен берілген «Ерен еңбегі үшін» медалі оның ғылым мен білімдегі жеткен жетістіктері үшін беріліп отыр.

«Abai University»
media орталығы

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫН
ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты аясында тұрақты жұмыс істейтін Филология ғылымдары зерттеулерін сараптамалық үйлестіру орталығының кезекті отырысы өтті. Көрнекті тілтанушы ғалым, академик Шора Сарыбаевтың туған күніне орайластырылған басқосуға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Алматы қалалық филиалы қолдау көрсетіп отыр.

«Филология ғылымдарының зерттелуі: өзекті мәселелері және шешу жолдары» тақырыбына арналған жиында отандық тілтаным ғылымын жүйелеу, ғылыми ізденістердің бағыт-бағдарын айқындау, диссертациялық жұмыстардың мазмұндық сапасын күшейту мәселелері талқыланды. Отырысты ҚР Президенті жанындағы ҰҒА Директорлар кеңесінің төрағасы директор, академик Кәрімбек Құрманәлиев жүргізді. Бұл отырыста орталық филология ғылымдары бойынша еліміздегі ірі жоғары оқу орындарының диссертациялық

кеңес басшыларын бір жерге жинап, қоғамда қызу талқыға түсіп жүрген тақырыптарды күн тәртібіне шығарды.

– Ғылым саласындағы мұндай жұмыс зор жауапкершілікті талап етеді. Бүгінде орталық ғылыми ой-пікір алмасатын, зерттеулер сарапталатын беделді алаңға айналып отыр. Бұл тек академиялық міндет ғана емес, сонымен қатар ұлттық болмысты айқындайтын стратегиялық бағыт. Орталық қызметі сараптамалық зерттеулермен ғана шектелмей, филология ғылымдарының дамуына серпін беретін ауқымды міндеттерді

қамтиды, – деді жиынды ашқан Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-Ректоры Болат Тілеп.

Сараптамалық үйлестіру орталығы отандық филология ғылымдарының дамуына жүйелі түрде үлес қосуды мақсат етеді. Онда ғылыми диссертация тақырыптарын бірінші база арқылы қадағалау, талқылаудан өткізу т.б. өзектіліктерді қарастырды. Ғалымдар барлық ғылыми жұмыстардың бір орталықтан үйлестірілуі зерттеу бағыттарының үйлесімді дамуына мүмкіндік береді деген байламға келді. Жас ғалымдарды қолдау, олардың ғылыми диссертацияларын сүйемелдеу де көңілге демеу береді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Әділет Тойбаев «Кейбір докторанттарда диссертация тақырыптарының қайталануы секілді мәселелер бар. Бұл қанатқақты жоба. Егер жемісін берсе, басқа



да салаларға енгіземіз» деп, Филология ғылымдары зерттеулерін сараптамалық үйлестіру орталығы жұмысына ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қолдау болатынын жеткізді. Ал ҚР Президенті жанындағы ҰҒА өкілі Жеңісбек Төлен, ЖОО-лардың жанындағы диссертациялық кеңес төрағалары мен жетекші ғалымдар Фаузия Оразбаева, Дихан Қамзабекұлы, Қалбике Есенова, Анар Фазылжан көтерілген тақырыпқа байланысты жан-жақты пікірлерін білдіріп, келелі ұсыныстарын айтты.

Сондай-ақ, орталықтың бірінші орынбасары Қалбике Есенова Сараптамалық үйлестіру орталығының болашақта жұмыс істеу алгоритмін түсіндіріп берді. Жиын қорытындысында зерттеулердің сапасын күшейту, ғылыми талаптарды жетілдіру және ұлттық ғылыми деректердің цифрлық экожүйесін қалыптастыру арнайы қарар қабылданды.

Сараптамалық үйлестіру орталығы алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыра бермек.

Бифат ЕЛТАЕВА

ҚЫСҚА-НҮСҚА

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Абай университеті оқытушы-профессорлар құрамының бір топ мүшесі Кәсіподақ ұйымының мекемелік марапаттарына ие болды. Оларға салалық кәсіподақ жұмысына елеулі сіңірген еңбектері үшін Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар табыс етілді.

Абай университеті Кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Ибраимов белсенді оқытушы-профессорларға алғыс айтып, мерекелік жылы лебізін білдірді. Ол кәсіподақ жұмысына белсенді қатысып жүрген әріптестерінің еңбектерін ерекше атап өтті.

Абай университеті мен «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Екіжақты келісімнің негізгі мақсаты – ғылыми-зерттеу, білім беру және туризм салаларындағы байланысты нығайту, сондай-ақ тарих факультетінің студенттері мен жас ғалымдарының кәсіби дағдыларын шыңдау.

Кездесу барысында Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Анапияұлы мен «Есік» музей-қорығының директоры Әзімбек Серікұлы меморандум аясындағы алдағы жоспарларды талқылады. Қос тарап «Есік» кешенінің тарихи ерекшеліктерін зерттеу, бірлескен ғылыми жобалар мен археологиялық экспедициялар ұйымдастыру және мамандар арасында тәжірибе алмасу бағытында кешенді жұмыс жүргізуге уағдаласты.

Абай университетінде студент қыздардың физикалық саулығын нығайту және психологиялық тұрақтылығын арттыру мақсатында «Өзіңді қорға: репродуктивті денсаулық жайлы ашық әңгіме» тақырыбында интерактивті кездесу өтті.

Кездесуге Алматы қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығынан арнайы шақырылған гинеколог және психолог мамандар, университеттің психологиялық қолдау қызметі мен студент қыздар қатысты. Шара әйелдер денсаулығы мен психоэмоционалдық тепе-теңдікті сақтаудың өзекті мәселелеріне арналды.

Университеттің ғылыми әлеуеті – ғылыми кадр даярлау мен зерттеу жобаларын жүзеге асыруына байланысты анықталады. Осы ретте университет басшылығы аталған бағыттар бойынша бірінші курс магистранттарымен кездесулер өткізді. Әрбір факультет қабырғасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мәселелері талқыланды.

Магистранттарға Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Жанна Жүсіпова, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы Ақторғын Кәрібекова және Халықаралық қатынастар бөлімінің жетекшісі маманы Ерасыл Талғатов түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Талқылауға факультет басшылары және оқытушы-профессорлар құрамы қатысты. Білім алушылардың сұрақтарына жауап беріліп, ұсыныстары тыңдалды.



ПОЛЬША УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДИПЛОМДАРЫН ИЕЛЕНДІ

Абай университетінің халықаралық ынтымақтастық аясындағы жұмыстары кезекті нәтижесін берді. Филология факультетінің төрт студенті Польшаның Слупск қаласында орналасқан іргелі оқу орны – Помор университетінде (Pomerganian University in Słupsk) «Орыс филологиясы: Интернет-журналистика» бағдарламасы бойынша білім алып, дипломдық жұмыстарын сәтті қорғап шықты.

Осыған орай, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп аталған білім алушыларды арнайы қабылдап, еуропалық үлгідегі диплома-

рын табыстады. Олардың қатарында – Жандосқызы Әдемі, Латыпова Диана, Махамед Азиза және Сабитова Назгүл бар.

Слупск қаласындағы Помор университеті – 50 жылдан астам тарихы бар, Польшаның Балтық жағалауындағы жетекші мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірі. Университет гуманитарлық, әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары бойынша халықаралық деңгейдегі мамандарды даярлаумен танымал. Оқу орны цифрлық технологиялар мен заманауи медиа-коммуникацияны филология саласына сәтті ұштастырумен еуропалық білім беру кеңістігінде жоғары бағаланады.

Кездесу барысында ректор студенттердің Польшада білімдерін жоғары деңгейде көрсетіп, оқу

ордамыздың абыройын лайықты қорғағанына ерекше тоқталды. Болат Анапияұлы өз сөзінде екі жоғары оқу орнында қатар білім алу үлкен жауапкершілік пен темірдей тәртіпті талап ететінін атап өтіп, жастардың халықаралық деңгейде білім алуына қолдау білдірген ата-аналарына арнайы алғысын білдірді.

Қазіргі уақытта студенттер 3 және 4-курсарда оқуын жалғастырып жатыр. Осылайша қос диплом бағдарламасы болашақ мамандардың кәсіби деңгейін еуропалық стандарттарға сай шыңдауға мүмкіндік беріп, олардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуына тікелей жол ашып отыр.

«Abai University»
медиа орталығы

ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЕМВА МАГИСТРЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Абай университеті еліміздегі әйелдер қауымының көшбасшылық әлеуетін арттыруға бағытталған бірегей бастаманы қолға алды. Университет қабырғасында 7M04120 «Саясат жобасы және әйелдер көшбасшылығы (EMBA)» білім беру бағдарламасы іске қосылмақ. Аталған бастама «AMANAT» партиясының қолдауымен жүзеге асырылып отыр.

Білім беру бағдарламасы мемлекеттік басқару, қоғамдық саясат, азаматтық қоғам институттары мен үкіметтік емес ұйымдар саласында қызмет етіп жүрген мамандарға арналған. Оны сәтті аяқтағандарға мемлекеттік басқару және қоғамдық саясат саласындағы магистрлік дәреже беріледі. EMBA (Executive Master of Business Administration) форматындағы бұл оқу курсы заманауи мемлекеттік менеджменттің барлық талаптарын ескере отырып әзірленген.

«Саясат жобасы және әйелдер көшбасшылығы» білім беру бағдарламасының мазмұны стратегиялық менеджмент, қоғамдық саясатты жобалау, гендерлік саясат, инклюзивті даму және цифрлық мемлекеттік басқару сияқты өзекті бағыттарды қамтиды. Сонымен қатар, тыңда-



ушылар келіссөздер жүргізу мен медиация дағдыларын меңгеріп, нақты кейстер негізінде басқарушылық шешім қабылдауды үйренеді. Бұл білім беру моделі теориядан гөрі практикалық нәтижеге басымдық беріп, стратегиялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Ауқымды білім беру жобасы «AMANAT» партиясының тікелей қолдауымен жүзеге асырылуы оның саяси және стратегиялық маңызын айқындай түседі. Партияның бұл бастамаға серіктес болуы – еліміздегі әйелдердің қоғамдық-саяси өмірге араласу белсенділігін арттыру мен гендерлік саясатты ілгерілетуге бағытталған нақты қадамы.

Қазіргі таңда әйелдердің қоғамдағы рөлін нығайтуға бағытталған жаңа мүмкіндіктер қарастырылып, іске қосылып жатыр. Жаңа бағдарлама білім мен көшбасшылықты ұштастырып, ел дамуына үлес қосатын жаңа буын қалыптастыруды көздейді.

Айзере ШЫНАТ

ТҮЛЕКТЕР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУДЕ

(Басы 1-бетте)

Бүгінгі ашық сабақ 6 сынып оқушыларына «Жануарлардың қозғалу және тірек-қимыл мүшелерінің ерекшеліктері» тақырыбында өрбіді. Сабақ барысында болашақ педагог оқу процесін жүйелі ұйымдастырып, өз пәнін терең меңгергенін және педагогикалық әдістемені тиімді қолдана алатынын көрсетті. Сабақта заманауи білім беру технологиялары кеңінен қолданылып, VR көзілдірігі мен микроскоптар пайдалану арқылы оқушыларға оқу материалы көрнекі әрі қызықты форматта ұсынылды. Интерактивті тәсілдер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Ашық сабақ барысында білім алушылар мұғалімнің әдістемесіне тез бейімделіп, сабақ барысында ойларын еркін айтып, талқылауларға белсенді қатысты. Бұл болашақ педагогтың сыныппен тиімді жұмыс істей алатынын және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыра алғанын көрсетті. 45 минутқа

жоспарланған сабақ құрылымы толық сақталып, оқыту кезеңдері тиімді жүзеге асырылды. Сабақтың соңында Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп болашақ мұғалімнің жұмысына оң бағасын берді.

– Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мектеп қабырғасында шыңдалады. Бүгінгі сабақта Нұрай Ерболқызы өзін сенімді ұстап, тақырыпты жүйелі әрі түсінікті жеткізді. Ең бастысы – оқушылардың қызығушылығын оятып, оларды жан-жақты тереңнен ойлануға үйрете алатынын көрсетті. Жас маман үшін бұл өте жақсы көрсеткіш, – деді ректор.

Айта кетейік, биыл университеттің 2215 студенті мектептерде өндірістік тәжірибеден өтіп жатыр. Олар Алматы қаласында орналасқан 110 білім беру ұйымына бөлінген. Соның ішінде №178 мамандандырылған мектеп-лицейінде 23 бітіруші түлек тәжірибе жинап, біліктілігін арттыру үстінде. Олар осындай ашық сабақ өткізіп, кәсіби шеберлігін қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Айтолқын АРЫН



БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕР ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Болашақ мұғалім үшін біліммен қатар кәсіби ортада өзін еркін ұстау, жұмыс берушімен сауатты әңгімелесе білу де маңызды. Осы мақсатта болашақ педагогтарды еңбек нарығына бейімдеуге бағытталған «Сұхбат: жұмыс берушіге өзінді дәлелде» жобасының тағы бір кезеңі өтті. Бұл жолғы кездесу Алматы қалалық №19 жалпы білім беретін мектеп базасында ұйымдастырылды.

Жоба аясында бүгін университеттің физика-математика, тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, сондай-ақ орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының ІІ бітіруші түлегі кәсіби сұхбаттасудан өтті. Қатысушылар мектеп басшысының алдында әңгімелесуден өтіп, өз мамандығы бойынша білімін, сабақ жүргізудегі көзқарасын және педагог ретінде қалыптасқан тәжірибелерін таныстырды. Оларға мектеп тара-

пынан түрлі сұрақтар қойылып, болашақ мұғалімдердің пәнді меңгеруі, оқушылармен жұмыс істеу тәсілдері мен педагогикалық ұстанымдарына назар аударылды.

Әңгімелесуді №19 жалпы білім беретін мектептің директоры Айымгүл Иманғалиева жүргізді. Ол студенттердің өзін таныстыру шеберлігіне, кәсіби дайындығына және коммуникациялық мәдениетіне талдау жасап, қатысушыларға маман ретіндегі ұсыныс білдірді.

Мектеп директорының айтуынша, мектеп пен университет арасындағы мұндай өзара ықпалдастық – өзгелерге үлгі боларлық, өйткені білікті маман даярлау – мектеп пен жоғары оқу орнының ортақ міндеті. Сондықтан екі тараптың тығыз байланыста жұмыс істеуі айрықша мәнге ие. Осындай кездесулер болашақ педагогтың кәсіби тұрғыдан қалыптасуына, өз мүмкіндігін толық көрсетуіне жол ашады.

Жұмыс беруші мен бітіруші түлектердің арасындағы әңгімелесу Абай

университетінде 2019 жылдан бері тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Өзінің тиімділігін көрсеткен жоба бойынша жыл сайын студенттердің пікірі ескеріліп, нәтижесі де сараланып тұрады. Осындай мамандыққа қатысты сұхбаттан кейін мектепке жұмысқа қабылданған студенттер де жетерлік.

Айта кетейік, «Сұхбат: жұмыс берушіге өзінді дәлелде» жобасы – соңғы курста оқып жатқан студенттер мектеп басшыларымен тікелей жүздесіп, өз кәсіби деңгейін танытуға және болашақ мамандығына қатысты тәжірибе жинауға мүмкіндік беретін маңызды бастамалардың бірі. 2025-2026 оқу жылы барысында Алматы қаласының бірнеше ауданында кезең-кезеңімен ұйымдастырылу үстінде. Алғашқы кездесулер Наурызбай ауданын қамтыса, бұл жолы Медеу ауданында жалғасын тапты. Алдағы уақытта Түркісіб ауданы мектептеріне өткізу жоспарланып отыр.

Әзімбек ӘБДІҚҰЛҰЛЫ



ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН ТОЙЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

Бұл тұжырымдама бойынша Наурыз мейрамын тек бір күндік мереке емес, адамдардың жүздесіп, игі істерге бастау болып, татулық пен келісімді нығайтатын кезең ретінде қарастырылады. Әрбір күн белгілі бір тақырыпқа бекітілген мерекелік іс-шаралар 23 наурызға дейін жалғасын тапты. Атап айтсақ, Абай университетінде Наурызнама декадасы аясында түрлі іс-шаралар мен жәрменкелер, кездесу мен ұлттық ойындар жарысы тұрақты түрде ұйымдастырылды. Амал мерекесінен бастау алатын онкүндік аясында студенттер мен қызметкерлер бір-біріне ізгі ниетін білдіріп, қайырымдылық жәрменкелерін өткізіп, ұлттық салт-дәстүрлер дәріптелді. Білім алушыларға отбасы құндылықтары жете түсіндіріліп, жаңа бастамаларға қолдау білдіріп, ұлттық спортты дамытуға баса назар аударылды. Экологиялық акциялар ұйымдастырылып, Жер-Ананың тазалығы мен қауіпсіздігіне бағытталған жобалар жүзеге асырылды. Шараға 100-ден астам жастар қатысып, «тазару» ұғымының тек қоршаған ортаны тазарту ғана емес, сонымен бірге адамның ойы мен ниетінің тазалығын білдіретін маңызды құндылық екенін көрсетті.

Жанару мен жасампаздық, мейірім мен ынтымақ символы саналатын Наурыз мереке – күн мен түн тенеліп, табиғат пен тіршіліктің қайта түлейтін айрықша мерейлі шағы. Қазақтың тұңғыш университеті биыл Ұлыстың ұлы күнін бұрын соңды болмаған ауқымда ерекше атап өткенін айта кетеміз керек.

Университет ұжымы мен студенттері бұл мейрамды ашық аспан астындағы кең стадионда этно-ауыл форматында атап өтті. Қаз-қатар сап түзеген ақ шаңқан киіз үйлер, буы бұрқыраған дәм мен ұлттық киім киген қауымның жүзіндегі қуаныш бұл аумақты қазақтың байырғы дәстүрі мен заманауи жастық жалыны тоғысқан үлкен думан ошағына айналдырды. Мейрамның басты дәмі – Наурыз көже дайындалды. Сондай-ақ, мерекелік іс-шара студенттердің шығармашылық әлеуетін көрсетуге, ұлттық дәстүр мен өнерді дәріптеуге, білім ордасының рухани байлығын арттыруға мүмкіндік берді.

Әз-Наурыз шымылдығы «Гәк-ку» би ансамблі мен «Қағанат», «Үркер» студенттік театрларының қатысуымен қойылған «Мерейлі Наурыз – Жаңару бастауы» атты



композициямен ашылды. Өнер факультеті студенттерінің кәсіби шеберлігі алаңдағы жұртты бірден баурап алып, көрерменді ұлттық мифология мен тарих қойнауына жетелеп әкетті.

Ұлыс тойын салтанатты түрде ашқан Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп жүрекжарды лебізін білдірді.

– Ғасырға жуық тарихы бар, қазақ білімінің қарашаңырағы – Абай университеті үшін Наурыз мейрамы айрықша мәнге ие. Бұл – тек табиғаттың жаңаруы емес, рухтың жаңғыруы, адам бойындағы ізгі қасиеттердің қайта түлеуі. Біз бұл мерекені ұлттың бірлігі мен татулығын айшықтайтын, болашаққа деген сенімді нығайтатын ерекше кезең ретінде бағалаймыз. Сондықтан да біздің ұжым жыл сайын Наурызды ұлттық дәстүрмен сабақтастыра отырып, кең көлемде атап өтуді игі дәстүрге айналдырды, – деді Болат Анапияұлы.

Содан кейін «Хәкім Абай» ұлттық тәрбие орталығының ұйымдастыруымен университет оқытушылары мен қызметкерлері 4-9 жас аралығындағы бүлдіршіндерінің арасында өткен дәстүрлі «Мерейлі Наурыз» балалар шығармашылығы байқауының жеңімпаздары марапатталды.

«Хәкім Абай» ұлттық тәрбие орталығының мәліметінше, байқау

дайындығы бір ай бұрын басталған. Шығармашылық додаға 4-6 және 7-9 жас аралығындағы қатысушылар өн, би және көркемсөз оқу номинациялары бойынша өткен байқауды ұйымдастыру барысында дәстүрлі әуендер мен заманауи ырғақтар ұштастырылды. Сонымен қатар, заманауи технология негізінде бейнероликтер ұсынып, өз өнерлерін ортаға салды. Қазылар алқасы үздіктерді қатысушылардың орындау шеберлігіне, сахналық мәдениетіне, шығармашылық ерекшелігіне және көркемдік деңгейіне ерекше мән беріп, анықтаған. Мәксаты – ұлттық дәстүр мен мәдениетті дәріптеу, өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды сіңіру болған байқауда үздік шыққан бүлдіршіндерді ректордың өзі арнайы құттықтап, дипломдар мен арнайы сыйлықтарын табыстады.

Байқау нәтижесінде үздік шыққан жеңімпаздар мен жүлдегерлер былайша жайғасты. 4-6 жас аралығы «Ән» номинациясы бойынша: I орын – Жаксығали Әмір, II орын – Сани Аиша, III орын – Жанатбек Омар; «Би» номинациясы бойынша: I орын – Жұман Аяла, II орын – Нұрасылқызы Дария, «Көркемсөз»: I орын – Қажығали Хақназар, II орын – Нұрмаханбет Айсұлтан, III орын – Жирен Айша.

7-9 жас аралығы «Ән» аталымы бойынша: I орын – Ермұрат Айзере,

II орын – Ерікқызы Айкөркем, III орын – Ерболат Арнұр; «Би» аталымы: I орын – Курмамбаева Алия, II орын – Нұрлыхан Ханшайым, «Көркемсөз»: I орын – Еділхан Мағжан, II орын – Бақдәулет Әлинуір, III орын – Маратова Айлин.

Аталған байқау жас таланттардың өнерін шындап қана қоймай, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға зор мүмкіндік беретіні даусыз.

Сондай-ақ, ректор медиа кеңістіктегі университеттің беделін арттыруға атсалысқан оқытушылар мен студенттерге арналған «Abai Media Awards» медиа байқауының жеңімпаздарын марапаттап, үздіктерге ел алдында арнайы дипломдар мен сыйлықтар тапсырды (Бұл жөнінде жеке мақаладан оқисыздар).

Ұлттық сән мен өнердің үндестігі де назардан тыс қалмады. «Гүлназ Жексенбек» брендінің «Мұра» топтамасы ұсынылған дефиле мен «Әуен – Тгібе» дуэтінің өнері қазақы нақыштың заманауи асылдығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Ал қазақ эстрадасының жұлдыздары – Құдайберген Бекіш, Алмас Кішкенбаев және «МузАрт Life» тобының әуезді әндері ашық алаңды әсем сазбен шаттыққа бөледі. Әрине, мұның бәрі қонақтарға ұмытылмас әсер қалдыратыны даусыз.

Мерекенің тағы бір ерекшелігі

– ұлттық спорт ойындарынан «Алтын сақа» апталығының басталуы болды. Әр алаңда қазақша күрес, кір тасын көтеру, арқан тартыс, қошқар көтеру, қол күрес, асық ату және тоғызқұмалақ сынды т.б. ұлттық ойындарға қатысушылар күш-жігері мен ептілігін, төзімділігі мен дәлдігін сынға салды (Жеңімпаздардың аты-жөні жеке мақалада көрсетілген).

Алаңда қыран бүркіттер мен жүйрік тазылардың көрсетілімі ұйымдастырылып, қазақ халқының саятшылық өнері кенінен насихатталды. Сәйгүлік жылқылардың әкелінуі де мерекенің көркін одан әрі арттырып, көшпелі мәдениеттің айрықша белгісін айшықтай түсті. Шара барысында алып батырлар образындағы өнерпаздардың қатысуы да ерекше әсер қалдырды. Ұлттық киімдегі батырлардың көрінісі арқылы ел қорғаған ерлердің рухы дәріптеліп, көрерменге тарихи сабақтастық пен отансүйгіштік құндылықтар тереңінен жеткізілді.

Ұлт пен ұлыстың береке-бірлігіне жететін ештеңе жоқ. Біз, барлығымыз, белгілі бір ұжымда еңбек етеміз. Кеңсеге танертен кіріп келгенде бір амандасып, кеткенде сау бол дегеннен арыға бармайтын әріптестеріміз де аз болса да арамызда кездесіп қалады. Біздің ойымызша, әр институт, әр басқарма, әр ұжым елдік мейрамға бей-жай қарап қалмауы керек. Ұлт ұжымдасқанда ғана ұтады. Сонда ғана Наурыз жалпыхалықтық Жаңа жыл мерекесіне айналады, соны ұмытпайық.

Тағы бір айта кететін нәрсе, Ұлыс тойында Абай университетіне «БанкЦентрКредит» қаржылай демеушілік көрсетіп, 16 орындық «JAC Sunray» маркалы заманауи шағын автобусын сыйға тартты.

Жалпы, бұл күн – Абай университетінің бірлігін бекемдеп, қазақы салт-дәстүрді жаңа қырынан жаңғыртқан, кең алаңда еркін тыныстаған ұлттық рухтың мерекесі ретінде есте қалды. Өткенге құрметпен қарап, жаңа күнге қадам басқан қарашанырақтағы Наурыз мейрамының жаңа форматтағы мәдени іс-шараға айналғанын көрсетті. Студенттер мен қонақтардың белсенді қатысуы мерекеге ерекше серпін берді. Ал жас толқынның өнері жаңа буынмен жалғасын тауып жатқанын айқын аңғартты.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Еліміздегі бейбітшілік, тыныштық нығая берсін!

Тілшілер қосыны





НАУРЫЗБЕН СЫРЛАСУ

*Қырмызы кілем жайғызып,
Қатар да қатар сән түзген.
Оңаша жерде ой сүзіп,
Сырласам сырлы наурызбен.*

*Самала жұпар аңқыған,
Наурызым келді тағы да.
Әнімен әсем шалқыған,
Наурызек қонды бағыма.*

*Сыңғырлап күміс күлкісі,
Жылғада жатыр су ағып.
Керуен де керуен жыл құсы,
Келеді көкте шұбалып.*

*Жүректі тербеп қуантқан,
Көл көсір көңіл өз елім.
Жібектей жылы шуақтан
Мейірімділік сеземін.*

*Жер-Ана шешті сілкініп
Ақмақпал тонын қимастан...
Өзендер жатыр ұмтылып,
Арнасына сыймастан.*

*Қырдың да үсті құлпырды,
Көкпенбек барқыт жамылып.
Жүреkte бір ән бұлқынды,
Көк көйлек қызды сағынып...*

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ

АБАЙ MEDIA AWARDS БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Абай университетінің медиа кеңістікте имиджін арттырып, БАҚ пен әлеуметтік желіде азаматтық белсенділігін көрсеткен оқытушы-профессорлар қауымы мен студенттер арасында «АБАЙ MEDIA AWARDS» байқауы жарияланған болатын. Бес аталым бойынша онлайн дауыс беру арқылы үздіктер төмендегіше анықталды.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарды Ұлыстың ұлы күнінде Басқарма Төрағасы-Ректор Болат Тілеп құттықтап, марапаттарды тапсырды. Оның ішінде «Үздік медиа декан» номинациясы бойынша Жаратылыстану және география факультетінің деканы Күләш Каймулдинова үздік деп танылды. «Үздік медиа спикер» аталымы бойынша Әлем тілдері факультетінің аға оқытушысы, PhD доктор Жылбек Керімбек жеңімпаз атанды. Сондай-ақ, қоғамдық-саяси оқиғаларға белсенді қатысып, бұқаралық ақпарат құралдарында сарапшы ретінде сұхбат беріп танылған профессор Жомарт Симтиқов та осы номинацияға лайық деген қортындыға келді.

Білім беру үдерісінде түрлі ме-

диа жобаларды дайындап, заманауи оқыту әдістемесін қолдануда шеберлігін танытқан педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры Бақыт Жігітбекова «Үздік медиа педагог» номинациясымен марапатталды.

Сонымен қатар, әлеуметтік желі мен медиа кеңістікте студенттердің шығармашылық әлеуетін көрсетіп, жұртшылыққа үздіктерді үнемі жариялап жүрген студенттік клубтар да назардан тыс қалмады. Оларға да «Үздік медиа ұйым» аталымы бойынша арнайы сыйлықтар табысталды. Атап айтқанда, «QAGANAT» студенттік театры және «ALEM» студенттік өзін-өзі басқару ұйымы жеңімпаз деп танылды.

Абай университетінің имиджін арттыруға білім алушылардың тікелей ықпал ететіні анық. Бұл бағытта жастар арасында кеңінен қолданылатын түрлі әлеуметтік желілерде бейне және фото материалдар дайындап, мыңдаған оқырман жинап, блогер атанғандар да бар. «Үздік медиа студент» аталымы осындай талапты жастарға берілді. Бұл номинацияға Жаратылыстану және география факультетінің студенті Диана Кәдіржан ие болды.

Әз-Наурыз мейрамында ұлттық спорт ойындарынан «Алтын сақа» апталығының тұсауы кесілді. Студенттер қазақ күресі, арқан тартыс, қошқар көтеру, қол күрес және асық ату сынды ұлттық ойындарда күш-жігері мен ептілігін, төзімділігі мен дәлдігін сынға салды. Жарыс қорытындысы бойынша үздіктер анықталып, қаржылай жүлделермен марапатталды.

Қазақ халқының ұлттық спорт ойындары – ұлттың тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі. Көшпелі өмір салтымен бірге қалыптасқан бұл ойындар халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып, ұрпақ тәрбиесінің маңызды құралына айналған. Батылдық пен ептілікке, төзімділік пен тапқырлыққа баулыған ұлттық спорт түрлері ғасырлар бойы ел жадында сақталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Наурыз мекресі аясында өткен «Асық ату» сайысында I орынды Физика-математика факультетінің студенттері жеңіп алып, 20 мың теңге сыйақыға ие болды. Екінші орын Сорбонна-Қазақстан институтының студенттеріне бұйырса, үшінші орынды Дене шынықтыру факультеті иеленді.

Қол күресі бойынша қатысушы-

«АЛТЫН САҚА» АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

лардың білек күші сынға түсіп, жеңімпаздарға дәл осындай қаржылай сыйақылар табысталды. Бұл спорт түрі бойынша Мағжан Жүсіпәлі жеңімпаз атанса, Азамат Байзақ екінші тұғырға көтерілді. Үшінші орынды Айдын Полат қанағат тұтты. Командалық бірлік пен рухты көрсететін арқан тартыс додасы бойынша бірінші орынды Дене шынықтыру факультетінің студенттері жеңіп алды. Жұлделі екінші орынды Физика, математика және информатика факультетінің жігерлі жастары иеленсе, үшінші орын Foundation факультетінің білім алушыларына бұйырды.

Халқымыздың ежелден келе жатқан ұлттық спорт ойынының бірі қошқар көтеру жарысында білекті жігіттер сынға түсті. Бұл долада бірінші орынға – Нұрсұлтан Ендібай, екінші орынға – Нұрасыл Жолтаев, үшінші орынға – Абайбек Байғалық көтерілді. Ал қазақ күресінен балуандар 3 салмақ дәрежесінде күш сынасты. Өз салмақ дәрежесі бойынша Арнұр Бекболат, Әділет Темірбекұлы, Уәлихан Уәлиахмет жеңімпаз деп танылды. Сондай-ақ, 75 келіден жоғары қатысушылар «Түйе балуан» дәрежесіне бақ сынасты. Бірінші орынды Рамазан Пірмағамбет алса, екінші орынға Бекзат Патшахан лайық деп табылды. Ал, жұлделі үшінші орын Ернұр Есмағамбеттің қанжығасында кетті.

Арқан тартыс ойыны бойынша Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің студенттері бірінші орынды, ал екінші орын Математика, физика және информатика факультетіне, үшінші орын Тарих факультетіне бұйырды. Жеңімпаздарға тиісінше жүлделер табысталды.

Айта кетейік, қазақтың спорттық ойындары – жай ғана көңіл көтеру емес, терең мағына мен тәрбиеге толы дәстүр. Мәселен, қазақ күресі – күш пен қайраттың, намыс пен ерліктің символы. Күресте палуанның дене қуатымен қатар жігер-рухы сыналады. Асық ату – мергендікке, дәлдікке үйретеді. Бүгінде елімізде ұлттық ойындарға деген қызығушылық артып отыр. Бұл – халықтың өз тамырына қайта оралып, ұлттық құндылықтарды жаңғырта бастағанының белгісі.

Ұлттық спорт түрлеріне Абай университетінде де ерекше көңіл бөлінеді. Университет студенттері қазақ күресі мен тоғызқұмалақтан республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп, түрлі чемпионаттарда жұлделі орындарға ие болып жүр. Бұл жетістіктер оқу орнында ұлттық спортты дамытуға жүйелі түрде мән беріліп отырғанының дәлелі.

Өз тілімізден



«Бойы тұнған бекзаттық болатын» деп бастады жазушы Нұрдаулет Ақыш марқұм нағашы атам Зайыр Сабыров жайлы. Бұл кездесу маған Нұрдаулет атамның тек жазушы, ғалым, бәрімізге белгілі мектеп оқулықтарындағы «Нағыз әже қайда?» әңгімесінің авторы ғана етіп көрсететін ой санамдағы шымылдықты біржолата түре ашып, жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді.

Осы оқиғаны кері шегіндірер болсам: 2026 жылғы ақпан айының 13-шіне оралғым келеді. Абай университетінде «Қазақ тілінің лексикологиясы және оқыту негіздері» пәнінен беретін Ерлан Сламбекұлы ағайымыздың сабағы болып жатқан кез. Бірде Ерлан



ЖАЗУШЫМЕН СЫРЛЫ СҰХБАТ

ағай пән бойынша талдауға мысалдар ұсынды. Біреуіміз солға, біреуіміз оңға тартып, білгенімізше талдадық. Көркем шығарманың мәнін, ондағы ойды тереңірек түсіну үшін қаламгер әлеміне үңілген дұрыс екенін айтты. Осыған орай жазушы Нұрдаулет Ақышпен кездесу ұйымдастыру жайлы ұсыныс тастады. Бұл ұсынысты тобымызбен бірден қоштап кеттік. Себебі, жазушының «Нағыз әже қайда?» әңгімесімен мектеп оқулығынан таныс едік. Ару қала – Алматыға еліміздің түкпір-түкпіріндегі шалғай ауылдардан білім қуып келген біз үшін көзі тірі жазушымен жүзбе-жүз кездесіп, көкейтесті сұрақтарымызды қойып, қаламгермен бірге отырып, шығармасын талдау – қай-қайсымызға болмасын үлкен қуаныш, ерекше қуаныш. Сол күні кешкілік анам мен әкем хал-жағдайымды білу үшін бейнеқонырау соққан болатын. Әңгіме барысында ертең жазушы Нұрдаулет Ақышпен жүзбе-жүз сұхбаттасуға баратынымызды айта кеттім. Сонда анам: – Ол кісі бір жақсы кісі ғой. Сенің Зайыр атанның досы, бұрында сол ҚазПИ-де бірге оқыған, – деп таңқалдырмасы бар ма? Міне, қызық. Менің бойымдағы қуаныш екі еселеніп кеткендей күйге ендім. Кездесуге деген ықыласымды уақыт басып тастайтындай сезілді.

2023 жылдың 17-ші ақпанында марқұм атам мен әжемнің рухына арнап, ас берілді. Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, Жамбыл Жабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектепте атамның есімімен аталатын дәрісхана ашылып, «Елес

емессің, естесің» атты естелік кітап жарыққа шықты. Мен іштей: «осыған сірә, Нұрдаулет Ақыштың да қатысы бар-ау» деген оймен, ата-анамнан сол кітап жайлы сұрастыра кеттім. Расында да кітаптың редакторы Н.Ақыштың нақ өзі екен. Бұрын қалайша мән бермегенмін. Естелік кітапқа жақсы мен жайсаңдардың ағыл-тегіл ақ тілегі, еңсенді сергітетін естеліктер тізбегі енгізілген екен. Ішін ақтара отыра, Нұрдаулет атамның: «Бойы тұнған бекзаттық болатын» деп басталатын жүрекжарды жазбасына жолықтым. Жазбаны оқи отыра нағашы атам Зайыр Сабыров мен Нұрдаулет Ақыштың адал достығына көзімді анығырақ жеткіздім. Нағашы атаммен алғашқы таныстықтары жайлы жазушы былай деп баяндайды:

– «Әңгіменің көрігін қыздырып отырған ортадағы 3-4 жігіттің біреуі қағілез, денелі, жұқалау келген бидай өңді бозбала. Жарқын-жарқын шығатын дауысы нық естіледі. Сөз саптауына қарағанда, өмірдің біраз қалтарыстарынан хабардар, айналасындағы құрдастарына ақыл үйретуге жарап қалған еті тірі жас жігіт. Көзқарасы да маған қарағанда әлдеқайда кең көрінді.

Кейін бәрімізді жиырма бірінші бөлмеге ауыстырды да бірге жата-жаста жүріп, сабағымызды оқып кеттік. Әлгі менің назарымды аударған курстасымың аты-жөні Зайыр Сабыров болып шықты...» Осы бір үзіндіден жастық оты жалындаған атамды өмірдің ешқандай шырғаланы қартайған шағына дейін өзгерте қоймағанына қуана көзім жетті. Расында

да атам өзі, бір сөзге жүйрік, ой-өрісі кең, білген-көргенін үйретуге жомарт, шашпан кісі еді. Ешкімге өзі тұрып жөн-жосықсыз соқтықпайтын, бірақ кез келгенімізді сабамызға түсіру үшін, сәл ғана қатуланып «Тәйт, тыйылсын!» дегені жетерлік болатын. Бала кезімізде, нағашыларға жол тартамыз дегеннен бастап, атамның біз әлі естіп көрмеген, тіпті ойымызбен ойланып көрмеген әңгімесін тындауға құмартатын едік.

Жазушы Нұрдаулет Ақышпен атам ғана емес, әжем Күлсін Біләлқызы да бірге оқыған деседі. Жазбаның басқа бір тұсында әжем жайлы: – «Сыпайы да, артық сөзі жоқ, ұстамды қыз болатын. Келбетті келген мәдениетті бойжеткеннің бойындағы тартымдылық сол көп үндемейтін ұстамдылығында болса керек-ті. Бір қызығы, мен өз басым осы қызды Зайырмен жақсы қарым-қатынаста болғанын кейінірек барып аңғарып-пын» – деп қайырады. Күлсін әжем Зайыр атамнанда ерте озды бұл өмірден. Сол үшін де әжеммен байланысты естеліктер есімде емес-емес қана. Бір білетінім, Нұрдаулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесіндегі Ая мен Райханның іздеп жүрген нағыз әжесі, расыменде мына менің әжем – Күлсін болатын. Бала кезімізде ата-анамыздың «әжелерің ауылдан қалаға келе жатыр екен» дегенінен «бүгін қолымызда әжем әкелген тәттілері, әдемі киімдер, әшекейлер мен ойыншықтар болатынын» білетінбіз. Өзі бір балажан, момын, немерелері десе жанын беруге дайын-ақ тұратын кісілер еді-ау, жарықтық. Осы жазба-

ларды оқи отырып, Нұрдаулет атамның ескі достары әрі менің атам мен әжем туралы ішкі, шынайы пікіріне риза болдым. Оның үстіне қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ, ол кездегі ҚазПИ студенттерінің тұрмыс-тіршілігіне, студенттік шақтарына қазіргі уақыт биігінен салыстырмалы түрде шолу жасап қайтандай болдым. Ал, енді Нұрдаулет атаммен болған сұхбатқа оралатын болсам, сұхбат болатын күні әдеттегідей сабағымызды оқып болған соң, Ерлан ағай межелеген орынға дәл уақытында келдік. Келсек, алдымыздан ағайымыз күтіп тұр екен. Ішке кіргізіп: – ал «құда-құдағилар» секілді топтанып келген арман қушылар төрге шығындар» деп әзілдеді. Құрбы қыздармен алдыңғы орындықтардың біріне жайғаса кеттік. Іштей толқып, өз ой-санам салып алған бейнесінің нобайын іздеп есікке телміре қарай отырдым.

Жазушы Нұрдаулет Ақыш есіктен кіре салысымен-ақ тұла бойында ерекше бір жылғылығы, өзгеше мысы бар адам екені сезілді. Бірақ өзі қарапайым, әзілі бөлек, жақсы адам екен. Әзілі ме, шыны ма, білмедім, жазушының: «Ерлан ағайларың маған қонырау шалып 1 курс студенттерінің кездескісі келетіні жайлы айтты. Алайда бұл күні басқа жоспарым бар болатын. Бірақ ағайларын студенттер уақыт күте алмайды деген соң, студенттердің қаһары қатты екен деп осында келдім» дегені бізге ерекше жылу сыйлады. Әңгімелесу ауаны ары қарай қызықты өрбіп, сан түрлі сауалдар қойылып жатты. Сурақ қою кезегі маған да жеткен кезде мен: «Сабыров

Зайырдың немере қызы» екенімді баса айттым. «Қазақта тау мен тау кезікпейді, адам мен адам кезігеді демекші, қайбір жылдары ғана өзінің бірге оқыған жолдас жігітінің немере қызы алдына сұхбаттасуға келіп тұрғанына іштей танырқап қалды-ау, сірә» деп топшыладым ішімнен. Өз кезегімде менің өзімді тебірткен әңгімесі «Өзкісі өмір» еді. Соның шығу тарихын білгім келді де: «Басты кейіпкер Мәзім шын өмір де бар ма, бар болса ол кім?» деп сұрадым. Жалпы ұққаным Нұрдаулет атамның қай шығармаларының сюжеті болмасын нағыз өмірден алынған, шынайы бейнелермен толықтырылған екен. Тек кейбір жағдайларда ғана өз ойынан құрастырады екен. Онда да өмірден кезіккен әрбір адамның бойынан алынған жинақы образдардан құрастыратын көрінеді. Тағы да бір есімізде айырықша қалған сөзінің бірі «суық сұлу» болды. Бұл атаудың шығу тарихы «Сұлу үшін сабалған» шығармасындағы басты кейіпкер қыздың кереметтей сұлулығы мен қоса жылы шырай қабақ танытып қарамайтындай, күлімдейтіндей суықтығы да бар екенін, екі-ақ ауыз сөзбен келтіріп берген мысалы еді. Шынында да, «жүйелі сөзжүйесін табар» деп бекер айтпаған-ау, әрбір аузынан шығып жатқан сөзі жүйелі, адамды ойландырып тастайтындай төгіліп жатты. Ерлан ағай да жазушының әр ойын ақ паракқа қаздай тізіп, қолындағы қаламымен бірнәрселерді шимактап, түртіп алып жатқанын байқадым. Іштей «болашақта қажет болып қалады-ау, сірә» деп ойланым. Біз – студенттер жазушы атамның айтқандарын ой елегінен өткізіп, көңілімізге тоқып отырдық. Бір байқағаным, Нұрдаулет Ақыш өз шығармасын оқырманымен талдап қана қоймай, шығармасына сыни пікір беріп, баға да бере алады екен. Тіпті, өзінің «Тау ішіндегі тауқымет» атты шығармасын қыз балаларына оқуға кеңес бермейтінін, онда бірде-бір қыздың аты аталмағанын, ер адамдардың қиын өмірі баяндалатынын кесіп айтты. Жалпы бұл күтпеген кездесу, сонда отырған әрбіріміздің бойымызға рухани азық бола білді деп білемін. Нұрдаулет атамның жүзбе-жүз жақынырақ танысу, одан әрі ақыл-кенестерін естуіміз үшін ой-санамыздың жоғарылауына тағы бір баспалдақ болды. Және сөз соңында атамның ақ батасынан, көңіліміз ерекше толқи тебіреніп, «менде жақсы жазушы болам» деген арман құшағында шықтық...

Арайлым БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
филология факультетінің
1 курс студенті

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ АҒА БУЫНҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК СЫЙЛАДЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті егде жастағы азаматтарға білім беру мүмкіндіктерін кеңейту бағытында маңызды қаласын көтерді. 2025 жылғы 23 қазанда университет пен Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен «Күміс университеті» жобасын бірлесіп жүзеге асыру туралы меморандумға қол қойған еді. Бұл құжат аға буын өкілдерін біліммен қолдау, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру және қоғаммен байланысын нығайту жолындағы серіктестікті бекітті.

«Күміс университеті» – әлемнің көптеген елінде табысты жүзеге асқан, егде жастағы азаматтарға арналған халықаралық жоба. ҚазҰПУ-дың 2025 жылы «Қазақстандық Күміс университеттер қауымдастығына» мүше болуы осы бағыттағы жұмысты жаңа деңгейге көтерді. Жобаның негізгі мақсаты – 55 жастан асқан азаматтарға жаңаша білім беру, олардың шығармашылық және әлеуметтік әлеуетін дамыту, белсенді өмір салтын қолдау. Жоба аясында факультеттер мен кафедралар бірігіп, арнайы курстар, шеберлік сабақтары мен танымдық дәрістер ұйымдастырып келеді.

Бастама университеттің «Education Management School» орталығының жетекшілігімен, оқытушы-профессорлар құрамының қолдауымен іске қосылды. Аталмыш жоба қоғамдағы картаю үдерісін кешейдетіп, егде жастағы азаматтардың білімге қызығушылығын арттыруға және олардың белсенділігін күшейту қажеттілігіне туындап отыр. Жоба қатысушыларға тек білім беріп қана қоймай, олардың қоғамдық, мәдени және цифрлық ортада белсенді болуына жол ашты.

Қазіргі таңда жоба аясында бірнеше білім беру курсы ұйымда-

стырылып, сәтті жалғасын тапты. Алғашқы курстың бірі «Информатика және білімді ақпараттандыру» кафедрасының бастамасымен қараша-желтоқсан айларында өтті. Сабақ барысында тыңдаушылар цифрлық технологияларды күнделікті өмірде қолдану жолдарымен танысты. Мобильді қосымшалардың түрлері, олардың құрылымы мен қызметі, смартфон экожүйесінің ерекшеліктері жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар тақырыптық дәрістер мен тәжірибелік сабақтар өтті. Қатысушыларға смартфон мүмкіндіктерін тиімді пайдалану жолдарын үйретіліп, курс соңында арнайы сертификаттар табысталды.

Жоба аясындағы жалғасын тапқан кезекті курс биология кафедрасының бастамасымен жүзеге асырылды. «Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау және дизайн элементтері» тақырыбындағы сабақтарға 60 жастан асқан тыңдаушылар қатысты. Желтоқсан айында өткен 8 сағаттық



курс барысында олар өсімдіктерді күтіп-баптаудың негізгі қағидаларымен танысып, оларды интерьерде үйлесімді орналастыру тәсілдерін білді.

Ал, қазіргі уақытта жоба аясында ағылшын тілі курсы өтіп жатыр. Оған 30 тыңдаушы қатысып жатыр. Курс сәуір айына дейін жалғасады. Тыңдаушылар деңгейіне қарай бастауыш және жалғастырушы топтарға бөлінді. Сабақтар кезең-кезеңімен ұйымдастырылып, тілдік дағдыларды дамытуға негізделген.

Алдағы уақытта университет жобаның ауқымын кеңейтіп, мазмұнын байытуды жоспарлап отыр.

Бағдарламалар тек зияткерлік дамумен шектелмей, тыңдаушылардың физикалық және эмоционалдық жағдайына да көңіл бөледі. Мысалы, сәуір айынан бастап дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті арнайы сауықтыру-дамыту курстарын бастайды. Бұл сабақтар аға буын өкілдерінің дене белсенділігін арттыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталады. Бұл курс азаматтардың күнделікті өмір сапасын жақсартуға, сергектік пен белсенділікті арттыруға ықпал етеді.

«Abai University»
медиа орталығы



ЛИРИКА КЕШІ

Абай университеті қабырғасында Оразалы Досбосынов атындағы жас ақындар орталығының бастамасымен көктем лебіндей нәзік әрі сыршыл әдеби кеш өтті. Университеттің рухани өміріндегі тағылымды басқосулардың қатарындағы бұл жиын поэзияға құштар студенттер мен жас қаламгерлердің басын қосты. Кештің басты қонағы – республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері, халықаралық «Шабыт» жастар фестивалінің лауреаты, ақын Роза Сейілхан.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік үні, нәзік лирикасы мен терең ойлы жырларымен танылған сөз шеберінің университет жастарымен жүздесуі ерекше маңызға ие. Кездесу барысында жас ақындар қадірлі қонаққа ізет пен ілтипат, шабыт пен құрметке толы арнау өлеңдерін оқып, жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Ал Роза Сейілхан өз шығармашылығынан сыр шертіп, лирикалық туындыларын оқыды. Ақын жырларынан адам

жанының иірімдері, көңілдің күйі, сағыныш пен үміт, өмір мен уақыт туралы терең толғаныстар анық сезілді.

Кеш аясында университеттің талантты жас өкілі Шәріпбай Балнұр автордың сөзіне жазылған «Женеше» әнін әуелете орындап, рухани кештің көркін аша түсті. Әуезді ән мен мағыналы өлең кештің мазмұнын байытып, көрермен көңілін тербеді. Сонымен қатар жас поэзия өкілдері де өз шығармаларынан үзінді оқып, әдеби ортадағы шығармашылық сабақтастығының үзілмегенін, сөз өнеріне деген құрметтің биік екенін көрсетті.

Емен-жарқын форматта өткен кездесуде Роза Сейілхан студенттермен ашық сұхбат құрып, өлең жолындағы ізденістері мен өмірлік ұстанымдары жайында кеңінен ой бөлісті. Жастар тарапынан қойылған сұрақтар ақындық табиғат, шабыттың қайнары, өлеңнің туу процесі мен қаламгер жауапкершілігі төңірегінде өрбіді.

«Ақын үшін ең маңыздысы не, ой, сезім, әлде шеберлік пе?» деген сауалға қаламгер «Бұл үшеуін бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Сезімсіз өлең тұмайды. Ойсыз, мән-

сіз жыр – татымсыз қара сөз секілді. Ал шеберлік – сол ой мен сезімді бір арнаға тоғыстырып, оқырман жүрегіне жеткізетін ғажайып көпір. Ақын ең алдымен жүрегімен сезініп, санасымен саралап, содан кейін ғана қаламға жүгінуі керек. Өлең – жанның шындығы. Ол шынайылықты көтермесе, өміршен болмайды» деп жауап берді.

Кешке ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Болат Шарахымбай мен ақын Мағиза Құнапия арнайы қатысып, Роза Сейілханның өнеріне жоғары бағаларын беріп, қазақ поэзиясындағы нәзік лириканың орны туралы ой қозғады. Қонақтар жас қаламгерлерге ізденістен танбауға, сөзге адал болуға және рухани терендікке ұмтылуға кеңес берді. Рухани басқосу сонында поэзия өкілі оқырман қауымға шынайы алғысын жеткізді.

Тағылымды әдеби кеш жас буынға тың серпін беріп, университеттің рухани-мәдени өмірін байыта түсті. Шығармашыл жастар үшін бұл кездесу сөз өнеріне деген жауапкершілік пен адалдықты сезіндіретін маңызды рухани сабақ болды.

Айтолқын АРҒЫН



АСЫЛЫ ОСМАНМЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Университет қабырғасында ұлт руханиятын ұлықтаған, жас буынның санасына сәуле түсірген тағы бір тағылымды кеш өтті. «Адал азамат» жобасының аясында «Ұлт болашағы – өнегелі отбасында» атты кездесу – мазмұны терең, мағынасы салмақты басқосу болды. Жиынның қадірлі қонағы – ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асылы Осман. Қоғам қайраткері жастарға ұлт тәрбиесі, тіл тағдыры, отбасы құндылығы төңірегінде тағылымы мол ойларымен бөлісті.

Кештің шымылдығы Оразалы Досбосынов атындағы жас ақындар орталығының мүшесі, жас ақын Данияр Болатханның жүректен туған жыр шумақтарымен түріліп, рухани кештің әуені алғашқы сәттен-ақ өзгеше бір жылтылыққа бөленді. Жастарға деген сенім мен үмітті өзек еткен арнау өлең кеш иесінің келбетін айшықтап, кездесудің мәнін тереңдетте түсті.

Көпті көрген қазыналы жан Асылы Әлиқызы сөзін алғыспен бастап, жастармен жүздесу үлкен қуаныш екенін ерекше ілтипатпен

білдірді. Оның әр сөзі салмақты, әрбір ойы саналы ұрпақтың жүрегіне жетердей әсерлі өрілді. «Мен Мағжан емеспін, бірақ жастарға – сіздерге сенемін» деген бір ауыз сөзі – тұтас бір ұрпаққа артылған үміттің айғағы іспетті болды.

Әнгіменің ауаны ұлттық тәрбиеге ойысқанда, спикер отбасы – тәрбие бастауы, ұлт болмысының бесігі екенін тебіреніспен жеткізді. Оның пайымынша, тамыры терең тәрбие алған бала ғана ұлттың жан дүниесін ұғынып, болмысын бойына сіңіре алады. Көмейдегі сөз бен тандайдағы тіл арқылы ұлттың әдебиеті мен мәдениеті, тарихы ұрпақтан ұрпаққа жалғасынын терең толғады.

Кездесуге келген жастар бейжай қалмай, көкейдегі сұрақтарын қойып, болашақ ұстаз ретінде тәрбие беру жолдары туралы тұшымды жауап алды. Қорыта айтқанда, бұл кездесу – жай ғана басқосу емес, рухани жаңғырудың бір көрінісі, ұлттың өзегін сақтар асыл құндылықтарды қайта зерделеген зерделі жиын болды. Жастардың жанарындағы от пен көкейіндегі сұраққа жауап берген осындай тағылымды кештер көбейген сайын, ел ертенінің енесі биік, іргесі берік болары сөзсіз.

«Abai University»
медиа орталығы

Құттықтаймыз!



БАС ЖҮЛДЕ – АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

Петропавл қаласында М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде ақын, Қазақстанның халық жазушысы, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Жүрсін Ерманның 75 жылдық мерейтойына арналған «Ұлытаудың ұланы ұлтым деген» атты республикалық жас ақындар айтысы өтті.

Еліміздің әр өңірінен 17-35 жас аралығындағы 14 жас ақын іріктеліп сөз додасына түсті. Олар ұлттық өнердің терең тамырын, суырыпсалмалық дәстүрдің өміршеңдігін көрерменге кеңінен паш етті. Жас айтыскер ақындар өнеріне Жүрсін Ерман бастаған, айтыс өнерінің белгілі өкілдері – Серік Қалиев, Құдайберлі Мырзабек, дауылпаз жырау Алмас

Алматов қазылық етіп, әділ бағасын берді.

Тартысқа толы өткен айтыс нәтижесінде Абай университетінің 1-курс студенті, Оразалы Досбосынов атындағы жас ақындар орталығының мүшесі Зарина Пердебай бас жүлдені иеленіп, 300 000 теңге қаржылай сыйақымен марапатталды. Осылайша, жас ақын сөз тапқырлығы мен ой тереңдігін, суырыпсалмалық шеберлігін айқын танытып, көпшіліктің ықыласына бөленді.


Бұл жеңіс – университетіміздің шығармашыл жастарына көрсетілген қолдаудың және ұлттық өнерді ұлықтауға бағытталған жүйелі жұмыстың айқын нәтижесі. Осындай игі бастамалар айтыс өнерінің мәңгілік жасайтынына деген сенімді нығайтып, келер буынға сарқылмас шабыт сыйлайтыны сөзсіз.

МҰҒАЛІМ ОРНЫН РОБОТ БАСА МА?

Соңғы жылдары «нейрожелілер бізді жұмыссыз қалдырады» деген үрей жиі айтыла бастады. Алайда Anthropic компаниясының 2026 жылғы 5 наурызда жарияланған «ЖИ-дің еңбек нарығына әсері» атты зерттеуі бұл мәселеге мүлдем басқа қырынан қарауға шақырады. Зерттеушілердің пікірінше, жасанды интеллект қанша жерден озық болса да, педагогика саласында адамның орнын баса алмайды.

Технологияның әлеуеті зор болғанымен, оның іс жүзіндегі қолданысына мән беруіміз керек. Нейрожелілер кеңсе жұмысының 90%-ын атқаруға қауқарлы, бірақ шын мәнінде озық IT-компаниялардың өзінде жұмыстың тек үштен бірін ғана алмастырып отыр. ЖИ көбіне бағдарламашылардың, деректермен жұмыс істейтін мамандар мен колл-орталық қызметкерлерінің жұмыс міндеттерін 75%-ға дейін жеңілдетті.

Ал педагогтерге алаңдауға негіз жоқ. Расында, ЖИ бірнеше секундта сабақ жоспарын құрып, оқушылардың жазған жұмысын тексеріп бере алады. Бірақ ол шәкірттің жан-дүниесін түсініп, оған шабыт пен демеу бере алмайды. Harvard университеті зерттеушілерінің айтуынша, оқу



процесінің 80%-ы жалаң ақпараттан емес, мұғалім мен шәкірт арасындағы сенім мен эмоционалды байланыстан тұрады. Робот логиканы түсіндіре алғанымен, баланың көзіндегі отты көре алмайды.

Бұл нені білдіреді?

Мұғалім мамандығы әсте жоғалмайды, тек заманға сай жаңа сипатқа ие болады. Енді мұғалімге «тірі энциклопедия» болудың қажеті жоқ, өйткені балалар кез келген деректі интернеттен өздері-ақ тауып алады. Қазіргі педагог – баланы сыни ойлауға, адамгершілікке

баулитын тәлімгер. Болашақтағы педагогикалық табыстың басты құпиясы – ЖИ-мен күресу емес, қағазбастылықтан арылуға қолданып, адами қарым-қатынас пен шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік алу.

Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды. Бірақ ЖИ-ді еркін қолдана білетін мұғалім, жана технологиядан ат-тонын ала қашатын әріптесінен әлдеқайда озық тұратыны анық.

Айзере ШЫНАТ
Фотосурет ашық интернет көзінен алынды.

«СПАРТАКИАДА – 2026» ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ

Абай университетінде оқытушы-профессорлар мен әкімшілік қызметкерлері арасында «Спартакиада – 2026» спорттық ойындары өтіп, ұжымдағы сайдың тасындай өзара мықтылар анықталды. Тартысты өткен спорттық бәсеке ұжымдағы бірлікті нығайту мақсатында жүзеге асырылды.

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған аталмыш шараның басты мақсаты – бір шаңырақ астында еңбек етіп жатқан әріптестер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және әділ бәсекелестікті дамыту. Сонымен қатар, ұжымдық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Ашылу салтанатында сөз сөйлеген Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілеп қатысушыларға сәттілік тілеп, денсаулық пен еңбек құндылықтарының ерекшелігіне тоқталып, спорттың ұжымдық рухты нығайтатын құрал екенін атап өтті.

Спорт кешенінде болған дәстүрлі спартакиада арқан тартыс, волейбол, шахмат және үстел теннисі сияқты спорт түрлерін қамтыды.

Жарыс нәтижесінде, Арқан тартыстан бірінші орынды Жаратылыстану және



география факультеті иеленіп, одан кейінгі орындарды Ректорат пен Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті бөлісті. Шахмат сайысында Ректорат командасы үздік шығып, II орынды Сорбонна-Қазақстан институты, III орынды Тарих және құқық факультеті иеленді.

Үстел теннисі бойынша I орынды Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті, II орынды Ректорат, III орынды Филология факультеті алды.

Аса қызықты өткен Волейбол ойынына келер болсақ, I орын – Тарих және құқық факультетіне, II орын – Ректорат командасына, III орын – Жаратылыстану және география факультетіне бұйырды.

Ал жалпы командалық есеп бойынша ауыспалы кубокты Ректорат құрамасы ұтып алып, бірінші орынды иеленді. Тартысты өткен спартакиадада екінші орынды Жаратылыстану және география факультеті мен Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті иеленсе, үшінші орынға Тарих және құқық факультеті лайық деп танылды.

Сондай-ақ, «Үздік талпыныс» номинациясымен – Математика, физика және информатика факультеті, «Белсенді қатысушы» номинацияларымен – Филология факультеті, Сорбонна-Қазақстан институты, Әлем тілдері және Өнер факультеттері марапатталды. «Ең үздік төреші» номинациясы – Аделина Сулейменоваға берілді.

Спартакиада қортындысында барлық қатысушыларға университет Басқарма Төрағасы-Ректоры атынан Алғыс хат пен арнайы дипломдар және бағалы сыйлықтар табыс етілді.

«Abai University»
медиа орталығы



ЖАЙДАРМАН ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Абай университетінде «Алтын Сақа» студенттік апталығы аясында «Ректор Кубогы – 2026» Жайдарман ойыны өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін әзіл-оспақ сайысы «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында ұйымдастырылып, студенттердің тапқырлығын шыңдауға, шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған. Аталған ойынға университет факультеттері мен институттарынан, өзге де жоғары оқу орындарынан 9 команда қатысып, үш кезеңде бақ сынады.

Жайдарман ойынына қатысушы командалар өзіне тән ерекше стиль мен сахналық мәдениетті көрсетті. Алғашқы «Сәлемдесу» кезеңінде әрбір команда көрерменге өзіндік ерекшеліктерін танытты. Екінші «Биатлон» кезеңінде қатысушылар әзіл арқылы жылдам ойлау қабілеттерін дәлелдесе, соңғы «Үй тапсырмасы» кезеңінде жұлдызды қонақтармен бірге дайындалған қойылымдарын ұсынды.



Күлкі бәйгесінің әділқазылар алқасының құрамында университеттің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Жақауов, Әлеуметтік және жастар саясаты жөніндегі департамент директоры Жасұлан Мұхашев, Жайдарман ойындарының танымал өкілдері – Асқар Маматов, Слямбек Тұрсынбек және Диас Нұрболат болды. Әділқазылар қатысушылардың өнерін 5 балдық жүйе бойынша бағалап, сахна тілі, әзіл сапасы, мәдениеттілік және сахналық үйлесімділікке ерекше назар аударды.

Ойын қорытындысы бойынша Өнер факультетінің «Көшедегілер» командасы I орынды иеленіп, 80 000 теңге жүлдеге ие болды. II орынды Педагогика және психология факультетінің «Сен сұлу» командасына бұйырып, 60 000 теңге сертификатпен марапатталды. Ал III орынды университеттің елордадағы «Білім беру» институтының «Астаналық Абай» командасы жеңіп алып, 40 000 теңге жүлдені қанжығасына байлады.

Сонымен қатар, арнайы номинациялар бойынша үздіктер анықталып, 30 000 теңгелік қаржылай сертификаттар табысталды. Атап айтқанда, «Көрермен көзайымы» номинациясын Математика, физика және информатика факультетінің «Абайла» командасы жеңіп алды. Сондай-ақ демеуші Руслан Өтепбайдың 50 000 теңге арнайы жүлдесіне ие болды.

«Үздік ойыншы» аталымы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Агромикс» командасының мүшесі Қадырбек Ринатқа берілсе, «Үздік әзіл» номинациясы Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің «Тастак» командасына табысталды. Барлық жеңімпаздарға университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Болат Тілептің Алғыс хаттары мен дипломдары табыс етілді.

«Ректор Кубогы – 2026» Жайдарман ойыны студенттердің шығармашылығын дамытып қана қоймай, жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, командалық рухын нығайтуға, достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастарын күшейтуге үлкен үлес қосты.

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ



#seriktin_photosy

«Abai University» аруы



Әслай Наутиева,
Педагогика-психология
факультетінің
2-курс студенті

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«ABAI UNIVERSITY»
МЕДИА ОРТАЛЫҒЫ

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №9874-Г куәлігі берілген

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ
Көркемдеп беттеуші
Нұржан МӘДЕЛХАН
Фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның мекен-жайы:
050010
Алматы қаласы,
Достық даңғылы 13
519-кеңсе
Байланыс тел: 8 (727) 293-86-38
Газет бүкіл республикаға тарайды

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.
Жазылу индексі: 65285
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №224

Газет 050010 Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 30-үй,
«Ұлағат» баспасының
баспаханасында басылды

Баспа директоры
Нұрлан БАЛЫҚОВ